

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметінің арасындағы Теңіз сауда кеме қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 539 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1993 жылғы 12 мамырдағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметінің арасындағы Теңіз сауда кеме қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам

Республикасы Үкіметінің арасындағы Теңіз сауда кеме қатынасы туралы келісімді бекіту туралы

Тегеран қаласында 1993 жылғы 12 мамырда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметінің арасындағы Теңіз сауда кеме қатынасы туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Бисмилляһ ир-Раһман ир-Раһим

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам

Республикасы Үкіметінің арасындағы Теңіз сауда кеме қатынасы туралы

Келісім

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметі бұдан былай "Ж а қ т а р" деп аталады,

екі елдің арасындағы теңіздік сауда кемелес қатынасының үйлесімді дамуын қамтамасыз етуді қалай отырып,

сауда және кеме қатынасы салаларындағы ынтымақтастықты жандандыру мақсатымен халықаралық саудалық теңізде емін-еркін жүзу принциптерін сақтай

о т ы р ы п ,

осы келісімді жасауды ұйғарды және төмендегілер туралы мынадай уағдаластықтарға келді:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. а) Әскери корабльдерді;
б) қарулы күштер құрамында қызмет ететін кемелерді;
в) зерттеу (гидрографикалық, мұхитграфикалық, ғылыми) жүргізетін кемелерді;
г) балық аулайтын кемелерді;
д) саудалық емес қызметтерді атқаратын (яхталар, госпитальдық корабльдер т.б.) кемелерді қоспағанда,

бір "Жақтың кемесі" деген термин - сол жақтың ішкі заңдарына сәйкес кемелер Регистріне енгізілген сауда кемесін білдіреді;

2. "Команда мүшесі" термині - қайсы-бір Жақтың кемесі болмасын, сол кемені басқаруға, оған техникалық қызмет көрсетіп, жұмыс атқаруына байланысты команданың тізіміне енгізілген кеме үстіндегі әрбір адамды білдіреді.

3. "Жақтардың теңіздік құзырлы билік орындары" термині:

- Иран Ислам Республикасында - Жол және көлік министрлігін білдіреді;
- Қазақстан Республикасында - Көлік министрлігін білдіреді.

2-бап

Бұл Келісімнің ықпалы Қазақстан Республикасының территориясы мен Иран Ислам Республикасының территориясына жайылады.

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы теңіздік сауда кеме қатынастары саласындағы ынтымақтастық өзара құқылық ұлттық егемендікті құрметтеу мен екіжақтық тиімділік негіздерінде орнығатын болады.

3-бап

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы теңіздік сауда кеме қатынастары саласындағы ынтымақтастықты өзара құқылық ұлттық егемендікті құрметтеу мен екіжақтық тиімділік негіздерінде орнығатын болады.

4-бап

Осы Келісімге сәйкес, Жақтар өздерінің теңіздік көліктерінің қызметтеріне жауапты ұйымдар мен билік орындары арасында үйлесімді байланыстар орнықтыруға мүмкіндігінше барлық көмектерін көрсетуге міндетті болады.

5-бап

1. Жақтар екі ел аралық сауда кеме қатынастары саласындағы ынтымақтастықты дамытуда мүмкіндігінше барлық қолғабысын беретін болады және осы мақсатпен мынадай келісімдерге келді:

а) Қазақстан мен Иран кемелерінің екі елдің порттары арасында жүк тасымалдарын жасауға қатысуын қолдап, осы тасымалдардың дамуын қиындататын қайсы-бір кедергілерді жоюда бірлесіп қызмет етуге;

б) Жақтардың бірінің туы астында жүріп, екінші Жақтың порттары мен үшінші елдің порттары арасындағы жүктерді тасымалдауға қатысушы кемелерге кедергі жасамауға.

2. Осы баптың 1-тармағындағы қағидалар үшінші мемлекет туы астында жүзіп жүріп, екі Жақтың порттары мен сол үшінші елдің порттары арасындағы теңіздік тасымалдауларға қатысушы кемелерге тарамайды.

6-бап

1. Әрбір Жақ халықаралық теңіз тасымалдауларында қабылданған теңдес құқыларды өздерінің ұлттық кемелеріне берілетіндей дәрежеде барлық кемелерге мына жағдайларға қатысты береді:

а) өздерінің территориялық ішкі сулары мен порттарына емін-еркін кіруіне қатысты;

б) кемелердің, порттарда порттың құрал-жабдықтарын пайдаланып жүк тиеу және оны түсіру жұмыстарын жүргізу үшін тоқтап тұруына қатысты;

в) жолаушыларды отырғызу мен түсіруге қатысты;

г) теңіздегі саудалық кеме қатынасына, сондай-ақ саудалық операцияларға байланысты қызмет кешенінің арқылы түрлерін алуға қатысты.

2. Осы баптың 1-тармағындағы қағидалар мына жәйттерге қатысты қолданылмайды:

а) Әрбір Жақтың ішкі заңдарына сәйкес, олардың өз иелігіндегі кәсіпорындар мен ұйымдары үшін жеке айтылған қызметтердің жасалуына қатысты;

б) Жақтардың әрқайсысының территориясына шетелдіктердің кіру және аялдама жасау ережелеріне қатысты;

в) кемелердің міндетті түрде лоцмандық жетекшілікпен жүргізілуін реттейтін ережелерге қатысты;

г) шетел кемелері үшін жабық деп саналатын порттарға қатысты.

7-бап

Жақтар өздерінің заң құрылымдары мен порттық ережелерінің шеңберінде теңіз тасымалдарына қызмет көрсету және оларды қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолдана отырып, әрбір Жақтың туы астында жүзіп жүрген корабльдердің кедендік және карантиндік формальдылықтардан өтуін тездетуге жәрдемдесе отырып, олардың өз порттарында қажеттіліксіз кідіріп қалуына жол бермеуге тырысады.

8-бап

1. Халықаралық конвенциялардың талаптарына сәйкес, бір Жақтың құзырлы органдары тарапынан берілген немесе күшінде деп танылған кеме сертификаттары да, ұлттық сертификаттары да, сондай-ақ басқадай кеме қауіпсіздігі мен сыйымдылығы жөніндегі құжаттар екінші Жақтың тиісті органдарымен де танылатын болады.

2. Әр Жақтың осы баптың 1-тармағына да сәйкес, халықаралық конвенциялардың талаптарына да сәйкес күшінде деп танылған ұлттық сертификаттары бар кемелері екінші Жақтың порттарында жасалатын келесі тексерістерден босатылатын болады.

9-бап

Жақтар өздерінің құзырлы органдары тарапынан берілген және күшінде деп танылған команда мүшелерінің жеке-бастық куәландіру құжаттарын танып отырады: моряктардың паспортын.

10-бап

Жақтар теңіздік кеме қатынасы бойынша сертификаттарға қатысты 108-ші Женева Конвенциясының ереже-қағидаларын қолданатын болады.

11-бап

Әрбір Жақ екінші Жақтың команда мүшесіне, өзінің ішкі заңдары мен ережелеріне сәйкес, қажетті медициналық көмек көрсетуге міндетті болады.

12-бап

1. Егер бір Жақтың кемесі қайырға тұрып қалғандай, жағаға шығып қалғандай, немесе екінші Жақтың жағалауларында апатқа ұшырағандай болса, онда бұл кемеге және оның жүгіне осы елдің ұлттық кемелері тарапынан көмек және құтқару шаралары к ө р с е т і л е т і н б о л а д ы .

Апатқа ұшыраған кеменің капитанына, командасы мен бортындағы жолаушыларға әр елдің территориялық суларында апатқа душар болған азаматтарға көрсетілетіндей көмек, жәрдем және құтқару әрекеттері көрсетіліп, солардың өздері арасында

қабылданған келісімдерге сәйкес, екінші Жақтың шығындарының орны
т о л ы қ т ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Бұл баптың қағидалары зақым алып, бұзылған кемемен жасалынған контракттық -
шартқа сәйкес көрсетілетін жәрдем мен себесін-көмекке, сондай-ақ кемеңіздің
бортындағы жүк пен мүлікке тигізілген зиянға байланысты қарсы талап қою жолында
к е д е р г і ж а с а м а й д ы .

2. Бұзылып, зақым алған кемеге де, оның мүлкі мен бортындағы жүкке де, тіпті
олардың қайсы-бір бөлігіне де импорттық товарлар үшін қолданылатын кедендік баж
салықтары мен басқадай салықтар салынбайды, егер ол мүліктер мен жүктер апат орын
алған Жақтың территориясында пайдалануға арналған болмаса.

3. Осы баптың 2-тармағындағы қағидалар Жақтардың территориясындағы пәрменді
заңдар мен ережелердің уақытша сақтауда тұрған тауарларға қатысты қолданылуын
жоя алмайды.

13-бап

1. Бір Жақтың құзырлы билік орындары теңіздегі немесе порттардағы кеме
иелерінің, капитанның, оның көмекшілері мен басқа команда мүшелерінің арасындағы,
өздерінің еңбекақыларына, жекеменшік заттарына, тіпті, жалпы алғанда, екінші
Жақтың туы астында жүзіп жүрген кеме бортындағы тірлік-тынысқа қатысты
дау-дамаларға а р а л а с п а й т ы н б о л а д ы .

2. Бір Жақтың құзырлы билік орындары екінші Жақтың кемесінің бортында
жасалған қылмысты істерді талқыламайды, оларға тек мынадай жағдайларда ғана
а р а л а с а д ы :

а) кеме екінші Жақтың туының астында жүрсе, онда сол елдің дипломатиялық
миссиясының немесе елшілік өкілдерінің сұранымы болған жағдайда;

б) портында кеме тұрған Жақтың заңдарында ондай қылмыс айыпталып, 5 жылдан
артық мерзімге түрмеге жабу жазасы қарастырылған жағдайда;

в) болған қылмыс немесе оның зардабы жағадағы және порттағы қоғамдық тәртіпті
бұзған немесе қоғам қауіпсіздігіне қатер төндірген жағдайда;

г) команда құрамына кірмейтін адамдар, болмаса кеме қабылдаушы Жақтың
адамдары екінші Жақтың кемесінің бортында қылмыс жасаған жағдайда;

д) есірткілік, психотроптық және радиоактивтік заттардың заңсыз сауда-саттығына
жол бермеу қажеттігі туған жағдайда.

3. Азаматтардың қауіпсіздігін қадағалауға, кедендік бақылау жүргізуге, теңіздік
ортаны сақтауға, кемелердің, порттардың, жүктер мен адамдар өмірінің қауіпсіздігін
қамтамасыз етуге, сондай-ақ екі Жақтың да территориясына шетелдіктердің кіру

ережелерін сақтауға байланысты қолданылатын жергілікті заңдар мен ережелерді орындап отыруға қатысты мәселелер бойынша бұл баптың қағидалары Жақтардың құзырлы билік орындарының құқықтарын бұзбайтын болуы тиісті.

14-бап

1. Жақтар осы Келісімдегі қағидаларын орындалуын қамтамасыз ету және оны жақсарту мәселелері бойынша екі жақты келіссөздер өткізіп, мүмкін жағдайда бұл Келісімге ұсыныстар мен өзгертулер енгізіп, мезгіл-мезгіл тығыз ынтымақтастық рухта бір-бірімен кеңесіп отыратын болады.

2. Екі елдің теңіздік құзырлы билік орындары арасында осы баптың 1 тармағына сәйкес өткізілетін кеңестер дипломатиялық арналар бойынша Жақтардан ұсыныс түскен күннен кейінгі 60 күн ішінде басталатын болады.

15-бап

1. Бұл Келісім екі Жақтың құзырлы органдарымен бекітілуі тиісті, сөйтіп бекіту грамоталарымен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

2. Бұл Келісім нақтылы айқындалмаған мерзімге жасалды, сонымен бірге Жақтардың бірі екінші Жаққа Келісім күшін тоқтату туралы өз пікірін жазбаша хабарлаған күннен бастап тағы да 6 ай бойы күшінде қалады.

Келісім Тегеран қаласында 1993 жылдың 12 мамырдағы күні үш дана болып қазақ, фарсы және ағылшын тілдерінде жасалды, сонымен бірге үш дананың да күштері теңдес деп саналады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Иран Ислам Республикасы

Үкіметі үшін